

“Лозовое ауылының НОМ” КММ -нің

дене шынықтыру және спорт онкүндігін өткізу туралы

есеп

Мектептегі дене шынықтыру және спорт онкүндігі 13.10.2025–24.10.2025 ж. аралығында өткізілді. Мақсаты – оқушылардың дене шынықтыру мен спортқа қызығушылығын арттыру.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Жасөспірімдердің денсаулығын сақтау және нығайту;
- Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
- Оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту;
- Дене шынықтыруға және спортқа деген мотивация мен құндылықтық қатынас қалыптастыру, тұрақты түрде физикалық жаттығулар жасауға баулу;
- Өртүрлі спорт түрлерінде дарынды оқушыларды анықтау;
- Қазақстандық патриоттық сезімді қалыптастыру; негізгі қозғалыс қабілеттерін дамыту және денсаулықты нығайту.

Қойылған жоспарға әр түрлі спорт түрлері енгізілді, сондықтан әр жас топтарына қамтуға ерекше көңіл бөлінді. Іс-шаралар қызықты, белсенді түрде өтті. Оқушылар өте ынталы болды. Мектеп оқушылары салауатты өмір салтын ұстануға қызығушылық танытып, аудандық және облыстық жарыстарға белсенді қатысып, жақсы нәтижелер көрсетеді.

Онкүндік өткізу аясында 5–9 сынып оқушылары қатысты. Осы кезеңде келесі іс-шаралар өткізілді:

- Аптаны ашу, мектеп бойынша таңғы жаттығу ұйымдастыру.

<https://www.instagram.com/p/DPvF54GiEpQ/?igsh=Zno4aWk1bnJkMHVp>

- 5–6 сынып оқушылары арасында жеңіл атлетика жарыстары өткізілді. Іс-шара оқушылардың физикалық даярлық деңгейіне сай ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/DPyUMUKgfAU/?img_index=2&igsh=MzhwNmNpMDh3Mmlh

- 6–9 сынып ұлдары арасында футбол жарысы ұйымдастырылды. Оқушылар белсенді қатысып, шапшаңдықтары мен ұйымшылдықтарын көрсетті. Әр сынып өз командасын құрып, әділ ойын принципін сақтады. Бұл футбол матчы оқушылардың физикалық дамуына ғана емес, командалық рух пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға да ықпал етті.

https://www.instagram.com/p/DP4BRkQCCpR/?img_index=2&igsh=MWgxZGc0a3cwcGkxMQ

-6–8 сынып оқушылары арасында волейбол жарыстары өткізілді. Балалар белсенді қатысып, достық қарым-қатынаста бәсекелестік көрсетті. Волейбол ойыны жоғары деңгейде өтті.

<https://www.instagram.com/p/DP6CEHtiHE-/?igsh=MTczZ210YjlyeWd6aQ>

- 6–7 сынып оқушылары үшін ұлттық ойын тоғызқұмалақ бойынша жарыстар ұйымдастырылды. Бұл іс-шара оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға және ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыруға бағытталды. Ойын барысында оқушылар белсенділік танытып, өз білімдері мен дағдыларымен бөлісті. Жарыстар әділ өтіп, жеңімпаздар грамоталармен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/DQGjzRvCAAm/?igsh=OWJjcThxZG5sd2xq>

- Асық ату – қазақ халқының ежелгі ұлттық ойыны. Бұл ойын тек физикалық дайындықты ғана емес, дәлдік пен шапшаңдықты да қажет етеді. Жарыстарға 8–9 сынып оқушылары белсенді қатысты. Іс-шара оқушылардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыруға және олардың физикалық дамуына оң әсерін тигізді.

https://www.instagram.com/p/DQHbg9CiCRw/?img_index=2&igsh=MnNxaXh2aXZwYTE3

Онкүндік соңында өткізілген іс-шаралардың қорытындылары жасалып, жеңімпаздар анықталды. Пәндік декада талдауы балалардың белсенділігін, сондай іс-шараларға қызығушылығын көрсетіп, олардың маңызды әрі қажетті екенін дәлелдеді.

Дене шынықтыру және спорт пәндік онкүндік достық, ынтымақтастық және спорттық рух атмосферасында өтті деп сенімді айтуға болады, әрі жақсы нәтижелерге қол жеткізілді.

Дене шынықтыру мұғалімі:

Әбеу Ж. А.